

Тлекеева Айгуль Сламжанова

КМҚК №180 бөбекжай-балабақшасы, әдіскер

Алматы қаласы, Түркісіб ауданы

Мектепке дейінгі ұйымдарда инновациялық технологиялар –оқу қызметі сапасын арттырудың негізі

Қазақстан өз тарихында жаңару мен жаңғыру кезеңдерін бастан өткеріп жатыр. Бүгінде білім саласына жаңа реформалар енгізу бүкіл әлем елдерінде ең өзекті мәселелердің бірі болуда. Өйткені әлем елдерінің арасында экономикалық бәсекеге қабілеттілік, әлеуметтік және экологиялық әл-ауқат, өмір бойы өркендеу атты оқытудың үш артықшылығы басты назарда тұр. Қазақстанда білім беру жүйесінің әлемдік білім беру жүйесіне интеграциялануы, оның жоғары білім беру жүйесінде дамыған елдердегі кәсіби маман даярлау жетістіктеріне терең ғылыми талдау жасау қажеттілігін талап етіп отыр.

Дүние жүзінің көптеген елдеріндегі сияқты, Қазақстан Республикасында да қазіргі кезде білім беру жүйесін реформалау жүзеге асырылуда, ЮНЕСКО-ның жүйелеуі бойынша бұл реформа екінші типті реформалар қатарына жатады.

Біздің елімізде білім беру жүйесін жаңғырту үш басты бағыт бойынша жүзеге асуда. Біріншісі, білім беру мекемелерін оңтайландыру; екіншісі, оқу тәрбие үдерісін жаңғырту; үшіншісі, білім беру қызметтерінің тиімділігі мен қолжетімділігін арттыру. Күнделікті болып жатқан жаңалықтар, өзгерістер өмірдің барлық саласына өзінің әсерін тигізеді. Біздің де өз жұмысымызда өзгерістерді енгізуді талап етеді.

Біздің, еліміздің болашағы-біздің алдарымыздағы отырған балалар. Оларға қандай білім беріп, тәрбиелейміз-біздің елдің тағдыры, болашағы сондай болмақ. Қазіргі уақытта мектепке дейінгі ұйым педагогтарына қойылатын талап өте зор. Осы талаптарға біз сын көзбен қарауымыз қажет.

Қоғамдық өзгерістерге байланысты бүгінгі білім беру жүйесінде оқытудың жаңа әдістеріне көшу қажеттілігі туып отырғандығы белгілі. Қазіргі таңда тәрбиешілер заман талабана сай жаңашыл, ізденімпаз, өрісі биік, білімді, білікті, оқу қызметі бойынша тиімді инновациялық технологияларын меңгерулері қажет. Бұл жерде "технология деген не?" деген сұрақ туындайды. Технология туралы айтатын болсақ, ол оқу үрдісінде бүкіл диагностиканы басшылыққа алған, жеке тұлғаға бағытталған мақсатты, сапалы оқу қызметін ұйымдастыру.

Ұйымдастырылған оқу қызметін дидактикалық мақсатқа, қызметті ұйымдастыру мақсатына, мазмұны мен әдістеріне, тәрбие-білім процесінің негізгі кезеңдеріне, шешілетін дидактикалық міндеттерге, оқыту әдістеріне, балалардың оқу іс-қызметін ұйымдастыру әдістеріне байланысты жіктеледі.

Ұйымдастырылған оқу қызметін дәстүрлі емес формаларын, атап айтқанда ойын, ересек топтарда пікірталасты қолдану-бұл оқудағы күшті ынталандыру, бұл әр түрлі және күшті мотивация. Осындай оқу қызметтері арқылы танымдық қызығушылықтың дамуы әлдеқайда белсенді және тезірек жүреді, ішінара бала өз табиғаты бойынша ойнағанды ұнататындықтан, тағы бір себебі-ойынның мотивтері әдеттегі оқу іс-әрекетіне қарағанда әлдеқайда көп.

Заманауи оқу қызметінің тиімділігін анықтау мақсатында оны дәстүрлі оқу қызметімен салыстырудың көптеген жолдарын қарастырып көрейік:

Біріншіден: оқу қызметі үш - төрт баладан мазмұнды суреттер арқылы тілдерін дамытудан басталады.

Екіншіден: тәрбиеші жаңа тақырыпты түсіндіреді. Балалар жаңа тақырып бойынша бір немесе бірнеше тапсырма орындайды;

Үшіншіден: оқу қызметінің ресми бөлігі – мұнда тәрбиеші балалармен жеке жұмыстар жасайды.

Төртіншіден: тілдері нашар дамыған балалардан сұралмай қалуы да мүмкін, өйткені олардың ойларын толық жеткізуі үшін бағалы минуттар қажет.

Бесіншіден: сол оқу қызметінде өз ойын айтқысы келген балалардың ойлары

айтылмаған күйінде қала береді. Мүмкін олардың ойын жеткізуіне, сабаққа қатысуына тәрбиешінің мақсатқа жетуде жасаған жұмысының аздығы болуы мүмкін.

Бұл жағдаят біздің дәстүрлі оқу қызметтерінің көлеңкелі жері деуге болады. Осындай кемшін тұстар болмауы үшін заманауи үлгідегі оқу қызметтерін қолдау, балабақша өміріне енгізу бірден - бір тиімді жол болып отыр. Қазіргі заманғы ақпараттық технологияларды пайдалану өз білімін көтеру тиімділігін де арттырады. Бұл бірінші кезекте сандық түрде жазылған ақпараттарды пайдалану кезінде қажетті мәліметтерді оңай табуға мүмкіндік береді. Қазіргі кезде көптеген әлемге танымал энциклопедиялар, сөздіктер электронды түрге айналдырылған. Компьютердің көмегімен тек белгілі бір аудиторияларда ғана емес, сонымен бірге қашықтықтан оқыту үрдісі де дамып келе жатыр. Ол үшін Интернет желісіне қосылған компьютер керек. Қашықтықтан оқыту кезінде тапсырманы және онымен бірге ұсынылған дидактикалық ойындарды ата-аналарға тікелей ссылқасы арқылы жіберуге болады. Қорыта айтқанда, міндет ауыр, мақсат айқын. Отандық іс-тәжірибе негізінде әлемдік тәжірибедегі алдыңғы қатарлы идеяларды басшылыққа ала отырып, функционалды сауаттылығымызды арттыру үшін сыни тұрғыда ойлай алатын балалар мен тәрбиешілеріміздің қатары көп болатынына, жақсы нәтижеге жететінімізге сенімдіміз.

Болашақ ол біздің - ізденіске бай, білімді педагогтарымыз, еліміздің ғарыштауына үлкен үлесін қосатын бүгінгі балаларымыз. Жаңартылған білім – болашағымыздың кепілі! Бір сөзбен айтқанда мектепке дейінгі мекеме тәрбиешісі көп әдісті білуге тырысуы керек. Оны өзіне сүйеніш, қолғабыс нәрсе есебінде қолдануы керек. Қазіргі заман талабына сай тәрбие мен білім беру мәселесі сол қоғам мүддесіне сай болуы керек деп ойлаймын. Өз жұмысын сүйетін тәрбиеші ғана, өз ісінің шебері болып қана қоймай, жоғары жетістіктерге жететініне сеніммен қараймын!